

Қасым ТӘҮКЕНОВ



Оýтçмар



Қасым ТӘУКЕНОВ

ОЙТҰМАР

Астана – 2008

ББК 84 Қаз.

Т 29

Тәуkenov Қасым. Ойтұмар.

Т 29 *Деректі-танымдық баян.*

— Астана: 2008 — 184 бет

ISBN 9965-571-58-9

Бұл кітаптың авторы Қасым Тәуkenов “Абай бол, арлан!”, “Кешеден келдік бүтінге” және орыс тілінде жарық көрген “Память” атты туындылары арқылы оқырман қауымға жақсы таныс. Ал мына жаңа жинағында өмірдің ыстық-сұғынан етіп, талай оқиғаларға қуәгер болған ел ағасы бүтінгі заман мен қоғам туралы, қасиетті атамекен — тұган жер экологиясы және оның болашақ иесі — жас үрпақ алдындағы жауапкершілік жайлы ой толғайды. Кітаптағы тағылымды да танымдық мақалалардың айтары мол. Бұларды зер салып оқыған жан одан өзіне қажетті көптеген деректер мен дәйектерді табатыны сезсіз.

ББК 84 Қаз.

ISBN 9965-571-58-9

© Тәуkenov Қ., 2008

АЛФЫ СӨЗ

Өмірде қақ-соқпен ісі жок, бар ойы мен мақсаты адамдарға адал болсам, соларға жақсылық жасасам, көмектесіп, қол үшін берсем деп тұратын жүргегі жылы жандар болады. Тұған жерінен табан аудармай еңбек етіп, жыры да, сыры да атамекені — Сарыарқа болып кеткен Қасым Аппасұлы Тәуекенов, міне, осындаи адам. Ғұмырында пендешіліктен ада, шешенсіп көзге тұсуден аулақ, “шолақ белсенділік” пен “атқа мінуге” онша әуестігі жок, бірақ қариялышың канон мен ақсақалдық атаққа адал аға “Егемен Қазақстан” газетіне өзінің ойлы да орнықты мақалаларымен жиі қатынасып тұрады. Оны біздің жақсы білетініміз сондықтан, әріптесімізге жоғарыдағыдан ізгі лебіз, иғі пікір білдіріп жатуымыз да, міне, осыдан.

Өмірде дәлелденген бір шындық бар. Ол — шырайлы шығарма, толымды туындының әманда бай өмірлік тәжірибе мен энциклопедиялық мол білімнен, бұған қоса ел мен жер атты қасиетті де қастерлі ұғымның тағдыр-талайын өзінің өмірлік белсенді бағдарына темірқазық етіп алған үлкен жүрек иесінен ғана туатындығы. Қасым ағада осының бәрі де молынан кездеседі. Сондықтан бұл кісінің жазған дүниелері шыншил, ойлы, көкейтесті сипатқа ие. Мақалалары сирек фактілерді тиімді тауып қолдануымен, түрлі деректерді дәл дәйектей білуімен құнды. Ал, қалам иесінің өзі таңдан алған тақырынты талдан, түсіндіруі, сөйтіп оны танымдық деңгейге көтерудегі қарекеті ше? Бұл түрғыдан келгенде автор мықты аналитик. Бұған қол жеткізіп, оны ұстап турған басты ұстындар — материалдардағы мол ақнараттармен байытылған сенімді баяндау мен табиғи уәж және мық шегедей қағылған түйінді ойлар. Оған кітап иесінің “Тың трагедиясы”, “Биогеоценоз”, “Әзгеникін өзімізше обектеу”, “Біле тұра жасалған білмес-тік” сияқты туындылары толық дәлел бола алады. Ал, оның бұлардан басқа “Ой”, “Димекен”, “Мен өскен орта” атты мақалалары ше? Тұнып түрған тағым, ғибрат, ақыл-кеңес.

Бұл “Ойтұмар” кітабының бір қыры. Иә, былайша ешқандай айсбергтің су үстіндегі бергі болігі. Ал, аргы жағында, яғни түпкі мәнінде не жатыр дейсіздер гой... Айтайық. Онда үлт пеп үят, тіл мен діл жеріне жеткізе сез етілген. Иман, иба, ибадат мәселесі де тыс қалмаган. Тұмса табиғатқа қиянат жана ійкелеш да менімүндалап тұр. Жер мен тер, обал мен сауап, қарыз бен парыз да ешкімді сей-жай қалдырмасы анық. Автор халықтық қалыптың тіні мен озегі болып табылатын осы адамгершілік категорияларынын, моральдық қасиеттердің және рухани құндылықтардың қазіргі ала-құла көріністеріне жаны ауырып күйзеледі, көңілі алаңдан мазасызданады, оған жетудің жолын көрсетіп, жас үрпаққа аманат сөзін айтады.

Халқымызда “көнекоз”, “көнекулақ” деген сөздер бар. “Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде” оған: көп жасаған, көпті корген, аргы-бергіден хабары мол, біраң нәрсенің жөнін ғылметін қария, кокірегі ояу, сөзі сара қарт деген анықтама берілген. Кітап авторы Қасым Аппасұлы Тәукеев міне, осындағы жсан, құрметті, оқырман! Егер адамды өз болмысымен мақтап, мадақтаған жөн десек, мынадай жәйт ойга оралады. Жалпы ешкім де бесігінен я басшы, я биік лауазым иесі болып тумайды. Бәрі де жүре келе болады. Ал, болды екен, онда онымен келген бедел де сол қызметпен келіп, сол қызметпен кетеді. Мұндагы айтайық дегеніміз, бұл кісі де кезінде талай жауапты жұмыстардың тұтқасын устан, жогары лауазым иесі атаптап. Бірақ кім болса да, қайда жүрсе де аспаған, таспаған. Сөйтіп ол өзіне біткен адамшылығынан айнымай ардақталып қалған тұлға. Қазірде де солай. Мұның мәнісі сонау түп тамырдағы тектілікте жатқан сияқты. Соның бір белгісі — авзал ағаның осы кітабын өз қаржысына шыгарып, еркін елдің ертеңі — жас үрпаққа тегін таратуға ишет еткені. Өйткені ақыл-кеңес сатылмайды, айтылады емес ne?! Біле білсек, бул да өзінше бір онеге әрі үлкен гибрат.

Жанболат ЭЛИХАНҰЛЫ (Аупбаев),
“Егемен Қазақстан” газетінің
бас редакторы, халықаралық
“Алаш” сыйлығының лауреаты.

Заманхат

“Елемеген бұта көз шығарады”

Халық мәтесі



БИОГЕОЦЕНОЗ

Мына жарық дүниеде биогеоценозсыз өмір тұл деп кесіп айтуга болады. Тіпті соның бір бөлігі — микробсыз өмір кешудің өзі мүмкін емес. Оларсыз тіршілік жоқ. Мысалға күнделікті қуат алып, ішіл-жеп жүрген — қымыз, шұбат, құрт, ірімшік, айран, катық деймісің, бәрінің тұп негізі осынау көзге көрінбейтін микробтардың бізге атқарып жатқан орасан зор қызметінің, сан түрлі қисапсыз пайдалы қасиетінің арқасы. Сол себептен айналамыздың экожүйені қорғай жұру тіршілік иесі біздерге парыз. Шексіз, шетсіз дүние жоқ. Оған көз жетті. Төнірегіміздегі үйлесімді тіршілігімізді бұзып алсақ, келешекте адамзаттың тақырып жерге отырып қалуы оп-оптай.

Бұкіл жер шарында барлық күрделі және қарапайым өсімдіктер әлемі жылына 600 млрд. тонна, оның ішінде мұхиттарда 270 млрд., күрлықта 310 млрд. тоннаға жуық органикалық заттар түзетін көрінеді. Осынау процесс үзтікеіз жүріп жатқан кезде олар ауадан 650 млрд. тонна қомір қышқыл газын, топырақтан 5 млрд. тонна азот, бір млрд. тоннадай фосфор және 10-15 млрд. тонна басқадай минералдық заттарды сініріп, атмосферага 350 млрд. тонна оттегін боліп шығарады. Оттегінің 80 пайызын фитопланктондар, 20 пайызын дүние жүзіндегі өсімдіктер әлемі түзеді (В.Ф.Краинин).

Өсімдіктер өндірген осынау қыруар органикалық заттардың арқасында жер бетіндегі барлық организмдер өмір сүреді (Б.Шайкенов). Соның ішінде жануарлар әлемі де бар.

Соңғы дәректерге сүйенсек күннің бізден қашыктығы 150 млн.км. Диаметрі — 1 млн. 390 мың км. Ол дегенінің жер шарының диаметрінен 109 се се үлкен деген сөз. Геофизиктердің пайыздылуынша күн 12 шенберлі қабаттан

тұрады. Солардың ортасынан басталатын 6 қабатында үздіксіз ядролық реакция тізбегі жүріп, сутегі гелийге айналып, адам сенбес +20 млн. градус энергияға айналатын сыңайлы. Осынау ұлан-ғайыр энергияның лебі бізге секундына 500 км. жылдамдықпен жететіндей. Содан барып полюстар мен экватор, құрлық, түрлі деңгейде қызып, жер шарында жүйткіген аяу қозғалысы пайда болатыны дәлелденіп отыр.

Күннің қуаты арқылы пайда болатын бүкіл жер шарының өмір бұлагы сөз жоқ өсімдіктер әлемінен арқау алады. Өсімдіктердің жалпы әлемдік салмағы дүние жүзіндегі барша жануарлар әлемінен анағұрлым артық. Мысалға кейбір деректерде түлкі ұсақ жәндік, құстардан басқа жылына үш мыңға жуық кемірушілермен қоректенеді. Ал сол кемірушілердің бірі — тышқандардың әрқайсысы 20 кг. өсімдіктермен қунелтсе, 8-9 кг. салмағы бар бір гана түлкі жылына 60 тонна шөп жейтін кемірушілердің көзін жояды.

Улы үйлестіруші бүкіл макұлық атаулыларды жаратқанда оларды ықпалдастыра бір-біріне пайдасын тигізу үшін өмірге әкелді. Әр жан-жануарлар тіршілігінің тиесілі, өзінің маңдайына жазылған орны бар. Олардың бір-біріне деген туысқандық, жанашырлық, сүйіспеншілік сезімдерінің ортақтастығы болмаса да бірақ бірінің бірінсіз күні қараң.

Кейбір деректерде, жер шарында қанатты наsectомдар бұдан 400 млн. жыл бұрын белгілі болса, олардың дернәсілдерімен (личинка) қоректенетін бүгінгі сан алуан балықтардың арғы тегі де бұлармен жанаса қатар өмір сүрген. Көптеген наsectомдардың адамзатқа зиянды жақтары шаш етектен болғанымен, оларды мына әлемнен жойып жіберуге болмайды. Олай етсек сан алуан түрлі-түсті жұпар иісті гүлі бар өсімдіктерден айрыламыз. Қаншама құс пен балық аштан қырылады. Табиғаттың еңсесі түседі.

Бұл ретте біз, мысалы, шыбын-шіркейлердің қасиеттерін, табиғаттағы орнын біліп алғанымыз жөн сияқты. Шыбындардың алдыңғы екі аяғы дөмді біздің тілімізден 200 есе артық сезеді (М.Козлов). Олардың иіс сезгіштігі тіпті ғажап. Иіс-коңысты француз әтірлерінен

артық көреді. Олардың тіршілігіне сақтықпен, түсіністікпен қарасақ, өзіміздің де келешегімізді сақтағандығымыз болмақ. Бұл бит, қандала, бүрге секілді зиянды жәндіктерді жақтағандық емес. Құдай одан сақтасын. Дегенмен, осынау жәндіктердің кейбір пайдалы қасиеттерін білгендіктен, неге лабораториялық жағдайда, биофабрикаларда өсіріп-өндірмеске деген ой келеді.

Дәріханаларда көбінесе емдік қасиеттері бар шөптерді сатып жатады. Ол аздық етеді. Неге шыбын-шіркей, толып жатқан макулықтардан ерітінді қоспа заттарын сатпасқа. Оңтүстік шығыс елдерінде мұндай дәрілер көпtek сатыладығой. Өйткені олардың шөптен жасалған дәріден ғөрі емдік қасиеттері анағұрлым артық.

Мысалға ғалым П.И.Мариковскийдің жазуынша, қандаланың ерітіндісі шаққан жыланның уын қайтаратын көрінеді. Әрі безекке ем. Бұл ойды Әбу Әли ибн Сина да теріске шығармайды. Доңыз биті іш ауруы, сары ауру, бауыр, күйік тастарын ерітіп, жара, рахит, көз жанары ауруларын жазатын көрінеді. Шегірткеден жасалған дәрі шаян уының бетін қайтарады. Ол гемморойға, тіс ауруына да пайдалы. Құмырска — тізе ревматизміне, дәуіт— құлақ, бүйрек ауруларына бірден-бір ем. Әрмекшінің өмірінен біздерге неге сабақ алмасқа. Әрмегіне іліккен шыбын-шіркейлерді әрмекшілер бас салып жемеген. Ұсталған шыбынның ішіне қарын сөлін жіберген. Әлгі сөл тез арада бүкіл шыбынның денесін балқыта ерітіп сіңімді қоймалжыңға айналдырады. Содан кейін оны әрмекші сорып алғанда, шыбынның тек сыртқы бос қабыршағы ғана қалады. Ал бізде қаншама адам ішкен астарын қорыта алмай жапа шегіп жүреді. Оқымыстыларымызға неге осындаидай дайын, сіңімді тағам ойлап шығармасқа! Әрмекшінің әрмегінің тағы бір қасиеті сол, оны қаны тоқтамаған жарага әкеліп жапсырса, қан тез тыйылған. Атақты жылпос Распутин Николай II патшаның баласы гемофилиямен ауырып жүрсе де оның жарасын қолымен басып тұрып қанын тоқтата алған. Ол әрмекшінің әрмегін пайдаланды ма екен, кім білсін.

Осы мақаламда, әлемдегі бар жанды дүниенің жиынтығының қадір-қасиеттерін түгел қамтып, жазып

шығу мақсаты қойылмағандықтан, күнде көріп, біліп, аңғарып, оқып, ой елегінен өткізіп жүргендерім туралы гана ой бөліскенді жөн көріп отырмын. Кейбіреулерге бұл салған бетте тосындау болып көрінуі де мүмкін. Ойымды жалғасам, мысалға күнделікті әр жерден көріп жүрген қоңыр, қара түсті үй тарақандарын алайық. Ұмытпасам, кейбір деректерде ол 300 млн. жыл бұрын пайда болған. Содан бері адамзат осы жәндікпен тынымсыз күресіп келе жатыр. Бірақ тарақандардың ойына ештеңе кіріп жатқан жок, қайта қоймадағы тамактарды түгелдей аралап жүріп, бактерицидтік заттарын тастап, адамзатқа адал қызмет етуден бір жалығар емес. Сейтіп оның сілекейі адамның бүйрек, бауыр ауруына, плевритке, пери-кардитке, ракка қарсы әрі дене ісігіне шипасын молынан тигізуде. Тарақанның осынау қасиетін атақты дәрігер С.П.Боткин де, оның шәкірті Т.И.Богомолов та, Г.Я.Бей-Биенко мен И.Чернышев те уақытында аңғарып білген. Перу елі осы күнге дейін тарақанды өкпе ауруын, плевритті емдеу үшін қолданады. Сол себептен үй ішінде бірлі-жарым тарақанның жүргеніне бұл күнде онша абыржудың қажеті жоқ дер едім.

Ортамыздагы кейбіреулердің үсті-басы, қолы кір-кір болып жүріп, шыбын көрсе тұра ұмтылып, көзін жоюға тырысатынын қайтерсің. Бұл олардың дернәсілдерінің қасиетін білмегендік. Мәселен бірінші дүниежүзілік соғыста немістерден шегіне қашқан француздар шайқас алаңына ауыр жарапалы жауынгерлерін арбаларына сиғыза алмағандықтан, бәрібір гангренадан өледіге санап тастап кеткен. Ол заманда қанды іріңге қарсы дәрі-дәрмектің атымен жоқ кезі. Біраз уақыт өтеді. Баяғы ауыр жарапалылар жаяу-жалпылат, өліп-талып аман-есен еліне жетеді. Дәрігерлер таң-тамаша қалады. Сейтсе, жарапанған жерге көк шыбындар дернәсілдерін құжыната салған ғой. Ал ол дернәсілдер жараның қуысын қуалай тек өлі еттерін жеп, жаракаттанғандардың денесін тазартып, әрі жараның ішіне микробтар өнбейтіндей қарсы бактерицидтік зат шыгарып құлан-таза жазады.

Мұны құлағы шалып қалған ақшақұмар америкалықтар тездетіп көк шыбын өсіріп, немістер мен француздарға

әкеліп сатады. Осы бір фактіні студент кезімде Волженин деген оқымыстының лекциясын тыңдағанда, естіп таңданғаным бар. Кейін, ауыр жарақаттанған жылқы малының жарасының ішіндегі өлі еттерін құрт жеп, әдемі, тез жазылғандарын да көзім көрді.

Біздің тоқ ішегіміздегі бактериялар пайдалы сапрофитті микробтардың “В” витаминдерін қурап, ағзага сіңбейтін крахмалды бұзып қантқа айналдырады. Сөйтіп организмге шипалы қасиеттер береді. Ал дәрігерлеріміздің біразы ойланбастан қыт етсе болды, тіпті кішігірім ауру болса да, ағзага зиянсыз шөптен жасалған дәрілерді қолданбай, антибиотиктерді ала жүгіреді. Сөйтіп пайдалы да, зиянды да микробтарды ажыратпай, ақ-қарасын айырмай, бәрін бірге тұншықтырып қыра бастайды. Содан барып олардын патогендік, вируленттік зиянды жағын өзіміз қүшеттіп, аурудың ең ауыр түрін не жаңа ауруларды дүниеге өзіміз сұрыптап әкелетін жағдайға жеттік. Суға қайнатқаннан да құрымайтын зиянды микроб-вирустардың пайда болуынаи, бір-ақ рет қолданылатын ине мен шприцке де коштік. Әр ғасырдың өзіне тән күрделі жүқпалы ауруы пайдада бола бастауы, өзіміздің күнделікті осынау сауатсыздығымыздан болуы бек мүмкін.

Микробтар -- тіршілік иесі. Өзіндік жеке фермент жүйелерінің арқасында олар кез келген қорегі бар ортада күн көріп, өзіне қажетті заттарын шыгарып, өне алады. Ал вирустарда ондай өзіндік фермент (биокатализатор) дегенің атымен жоқ. Олар тек қана жан иесінің клеткасындағы ферменттермен күн көріп өсіп-өне алады.

Былай қараганда вирустар олі мен тірінің арасындағы жогары молекулярлы жай зат болып көрінгенімен, тірі жан иесінің клеткасының ішіне енсе болды, бірден тірліліп, қауіпті жауга айналып шыға келеді (В.С.Тонгур).

Аңгарғанга табиғат қызық. Тоқтаусыз, тұтасқан бойда жанталаса алма-кезек жүріп жататын процесс. Оны үғып, үйлемі жолмен тарқата алсаң, тарқатыла береді. Мысалға жогарыда өзіміз соз еткен өсімдіктермен шөп қоректілер нәр алады, ал олармен жыртқыштар және паразиттер қоректенеді. Барлық организмдердің денелері өлгеннен кейін омір тоқтап қоймауы үшін сапрофит микробдарының

көмегімен қарагайым қосындыларға ыдырайды. Топыракқа айналады. “Жерден жаратылдың, жерге баrasың”, — деген мұсылман қагидасты гылыми түрде шындық. Содан барып әр гектар айдалған жерде түрлі қыбырлаган майда тіршілік иелерінің салмағы 15 тоннадай болуы (С.П.Костычев) біздерді таңдандырмауга тиісті. Экожүйедегі (биогеоценоз) бұл процестің әрбір бөлігі мындаған организмнің қатысуымен жүргендіктен, олардың арасындағы тірлік бәсекелестік, жыртқыштық, паразиттік қатынастармен шешіледі (Б.Шайкенов). Жер қыртысындағы микрофлоралардың салмағы бүкіл дүние жүзіндегі кой, ешкі, қара мал, жылқы, қояндардың жалпы салмақтарынан асып түседі деген пікірлерге дең қоюға болатындей. Міне, сондықтан табиғаттағы тепе-тендік занылыштары қоректік тізбектен тұрады.

Бұл процеске, мәселен, жауын құртының да айтартылғатай үлес қосатынын мойындауымыз керек. Зерттеушілердің пайымдауынша олар топырақпен бірге түрлі козге ылінбейтін микробтарды да жұтады. Осылардың қоспасынан барып органикалық заттар түзіледі. Эр шылаушын құрт өз денесінен бір жылда 5 кг. топырақ откізетінін ескерсек, онда ол қорыту кезінде топырақтың қышқылдығын тежеп, сны комір қынқылымен, кальций, магний, нитраттар және фосфор қынқылымен байытатын көрінді. Осылай жердің құнарлыштың арттырумен бірге, жерді қосытып, аэробтық жағдай жасап, еккен өсімдіктердің мол өнім беруіне септігін тигізеді.

Жауын құртының осынау тіршілігіне байланысты, оның бүкіл денесі тұнын тұрган шипалық қасиеттерден тұратындығын шығыс медицинасы анықтаған. Әсіресе қолқа кабынғанда, демікпеге, жоғарғы қан қысымы ауруына, тыныс тарылып сыйылдағанда, күкір тұтылғанда, суырылған тістің орнынан қан төқтамағанда шылаушының ем ретінде қолданылатындығын біреу білсе, біреу білмейді. Сол себептен қоршаган ортадағы қыбырлап-жыбырлап жүрген Жаратканның қандай да болмасын макұлықтарының қызметінс түсіністікпен қарап, табиғат тепе-тендігін бұзып алмау жағын, оларды да Алла тағаланың тегін жаратпағандығын белу абзал.

Кеше гана өткен XX ғасырдың 60-шы жылдары Қытайдың бұлар пәленбай млн. тонна дәнді дақылдарды жейді, зияны шаш етекten деп, торғай атаулыны қырып салғаны әлі есімізде. Аяғында дәнді дақылдардың өнімі күрт кеміп, неше алуан ауруларға шалдыға бастаған соң, сол ел амалсыздан, басқа мемлекеттерден валютага торғай сатып алғандарын ұмытпаган жән. Жан-жағымызды қырып-жойып жалмай берсек, біздің де олармен бірге жер бетінен ғайып болып кетуіміз гажап емес.

Оның үстіне ауда көмірқышқыл газы көбейіп, озон азауда.

Содан барып ауда оттегінің жетіспеуінен, әсіресе қалалы жерде әр түрлі ісік аурулары көбейе бастады. Жер шарындағы тірі организмдерге қолайсыз “парниктік эффект” дейтін құбылысқа үшірап, зардабын көре бастағандаймыз.

* * *

Көсіптік маңызы бар тағы хайуанаттары мен балықтың сан алуан қорының молдығы жөнінен кешегі Кеңес заманы түсінінде Қазақстан одактас республикалар арасында Ресейден кейінгі екінші орында болатын. Енді мына егемендік алған кезеңде құдайдың берген мол осынау қорының берекесін кетіріп жүдетьіп алмай, өткеннен сабак алайық, айналамызға байыппен, байсалдылықпен қарайық, қорғайық демекпін.

Қазақ халқының ежелден келе жатқан ризығының бірі, жер асты байлықтарынан басқа, елімізде сүт қоректілердің 158, құстардың 485, балықтың 150 түрі бар бай мемлекет екендігінде. 1928-1935 жылдары оның үстіне Солтүстік Америкадан сутышқан (ондатр) әкелініп, қамысты, қогалы көлдерімізге жерсіндірілді (Ю. Смирнов). Зерттеушілердің енбегіне үнілсек, тырналар — 40 жыл, қаз — 45-80, жабайы үйректер — 14, үкі — 68, бүркіт — 80, шағалалар — 17, кептер — 12, қарғалар — 70-100, сауысқандар — 30, әупілдек — 9, әнші құстар 20-30, бозторғай мен шымшық — 13-14, жапалақ — 15 жыл өмір сүретіндігі анықталған.

Табиғатында адалдықтан жүрдай қарғалардың көп өмір сүруінде не сыр бар?

Сүткоректі жануарлардың ішінде қасқыр — 15-20 жыл, жабайы шошқалар 20-30, тұлкі — 10-12, қарсақ — 6-8, елік — 10-16, борсық — 16, қоян — 5-7, мысық — 20-37, іг — 18-34, суыр — 15 жыл өмір сүреді екен.

Аң терісін дайындауда бұрынғы Одақ бойынша Қазақстанның үлесі қомақты — 15 пайыз болды. Сутышқан терісінің 34, күм қояны терісінің 95, суыр терісінің 40, күм саршұнагы терісінің 95 пайызы біздің елден дайындалған. Республикамызда 1954-1964 жылдары 34341 борсық терісі, 77861 қасқыр терісі, 135500 қоян, 71084 қарсақ, 360391 тұлкі, 9 млн. 446 мың ондатр, 519446 суыр терісі үкіметке тапсырылды (Ю.Смирнов). Мұның сыртында халықтың игілігіне жараган қаншама мың аң терісінің есепке алынбағаны және бар.

Осынау қыруар шаруа бір қарағанда, басқа одақтас республикалармен салыстырганда әжептәуір қомақты дүние болып көрінеді. Ал откенімізге сын көзбен қарасақ, жер көлемі жағынан азғантай шет мемлекеттердің бізден артық істер атқарып жатқаны толғандырып, қызықтырады. Ой салады.

Мысалға, біздің Қазақ елінің жерінен 21 есе кіші, небары 128 мың шаршы км. гана жері бар, Еуропаның ортасында 13 миллионнан артық тығыз отырған халқы бар бұрынғы Чехословакиямен өзіміздің атқарып жатқан тіршілігімізді бір сәт салыстырсақ бетін дуылдайды. Бұл салада іс атқарды деп бөсіп жүрген ісіміз мардымсыз бірдсеге үқсайды.

Құдай берген табиғатымызды, айналамызды тонаушығана болып көрінеміз. Биотехникалық шаралар жоктың қасы. Ал Чехословакия хайуанаттар қорын дамытқан үстіне дамытып, қолдан өсіріп биотехникалық шараларды бүлжытпай орындауының арқасында жылына 10 мың бұғы, 75 мың елік, 1200 муфлон, 6300 дала шошқасы, 45 мың тұлкі, 30 мың күзен, 500 мың ондатр, 2,5 млн.күр, 500 мың. қоян ататындықтарын, 8 мың тонна ет дайындастындықтарын, соның бәрін халқының игілігіне жұмсайдындықтарын оқып отырғанда, біздің тіршілігіміз күр бос сөздің айналасы болып қалады. Табиғаттың тылсымсырынан мақұрам жабайылық қылышқантышып, айналамызды тонап, жүдестіп жүргендейміз. Жер көлемінің

тапшылығына қарамастан сөз етіп отырған кішкентай ғана Чехословакия жерінің 1,13 пайызын аң-құс қорығына айналдырган.

Англия тағы хайуанаттарды аялап өсіретін қорыққа жерінің 4 пайызын, Канада — 1,76, АҚШ — 1, жапондар 4,22 пайызын, Оңтүстік Африка Республикасы — 2,5, Жаңа Зеландия — 5,93 пайызын арнайы заң арқылы бөлсө, біздің Қазақстанда қоршаган ортаны қорғау үшін бөлінген жер көлемі 0,02 пайыздан да аспайды. Сонда біз тағы дала хайуанаттарын, өсімдіктер әлемін келешекте қалай қорғамақпиз? Алдағы ұрпағымызға қандай аманат қалдырмақпиз?

Бұл күнде дала хайуанаттары қорғансыз, сұраусыз қалып отыр. Оған бір ғана Ерейментау мысал. Мұндағы Қоянды-Койтаста, Ереймен тауында жұт жылдарының өзінде 100-120-дан бір кемімейтін жарықтық арқар әуелден Қызыл кітапқа енсе де соңғы үш жылда саны селдіреп қалды. Бұған киіктегендің мүшкіл халін қосыңыз.

Шетелдік жеңіл мәшине мінген жалған аңшылардың қысымынан, әрі қаптаган өрттен еліктер үйреншікті, өзінің күнкөрісіне қолайлы ағаш ішінен безіп, сайын далаға жосып шығып кетті. Жан-жағымызды бұл күнде өрт жайланаңдықтан, ен даламыз қуаңшылыққа бет тузеді. Астананың айналасында көзіңе ыстық көрінетін қарсак, тұлқі, момын қоянды браконьерлер түнде жарықшам жағып тіміскілеп, соңына түсіп қырып қояр емес. Арам пифылды аңшылар көбейіп барады. И.С.Тургеневтің аңшылардың ішінде жаман адам болмайды дегені бұл заманга жанаспайтындей.

ХХ ғасырдың 60-70-жылдары Қазақстанда шамамен 1,9 млн. пар үйрек, қаз, қасқалдақ сияқты құстар жұмыртқа салып, үя басатын. Содан күзге қарай құстардың саны 3-4 есіп, 10-12 млн.-ға жететін (Гаврин). Соңғы жылдары осынау құстардың саны тым кеміп, селдіреп барады. Оған себеп, біріншіден, Каспий теңізінде соңғы жылдары экологиялық жағдайдың күрт бұзылуынан болуы керек, бірнеше жыл қатарынан құс ботулизмі пайда болып уланып қырылса, жаз бойы тынымсыз аңшысымақтардың ысырап қылып оққа ұшыратуынан деп ойлаймын. Оның үстінен тәуір-тәуір көлдерді қолы үзын басшылар мекемелеріне

меншіктең алып, ойларына келгендерін істеп, ойран-ботқасын шығаруда. Тіпті еттеген биотехникалық шаралар атқаруды қарпіне де алар емес.

Көптеген хайуанаттардан, аңшыларымыздың жоғарыдағыдай қылыштарынан мәңгілік айрылып, көз жазып қалатын түріміз бар. 1980 жылы екі миллионға жеткен киіктедің бұл күнде жүрнағы қалды десе де болады. Бұл қорқынышты нәрсе. Қасқырдың да күйі мүшкіл. Саны азайып, қыста аш болғандықтан баяғы сақтығын ұмытып ауылды төңіректеуде.

Мысық тұқымдасына жататын ірі жыртқыш тұран жолбарысы XIX ғасырдың аяғына дейін еліміздің әр түкпірінде, әсіресе Қорғалжын көлдерінде, Сырдарияда, Шу, Іле, Жетісу бойында, Балқаш көлінде молынан кездесетін. Елімізге қарашекпенділердің ағылып келуімен 1905-1910 жылдар арасында отаршылар Сыр бойында соңғы 9 жолбарысты атып, тұқымын құртты. 1912 жылы Шу маңайында соңғы екі жолбарыс оққа ұшты (Никольский). 1948 жылы бұлар ақыры қазақ жерінде мәңгі құрып бітті.

Тактұяқтыларға жататын жылқы тұқымдас құлан да Ақмола өнірінде құрығалы қашан. Құланнен деген өзен өткеннен елес беріп, көңілінді құлазытады. 1930 жылы Балқаш маңайында бірлі-жарым кездесетін құлан аңшылардың қолынан оққа ұшып, Қазақстан бойынша біржолата құрыды (Селевин). Қазір бұл жануарды қайта өсіруге талпыныс жасалынып жатқандай. Бірақ олардың құлан екендігіне өз басым үлкен күдікпен қараймын.

Немістің көрнекті ғалымы А. Вебер 5 мың жыл бұрын жылқыны (тарпаңды — К.Т.) ең алғаш қолға үйреткен Көшкінші халық екендігі жөнінде жазса, тарихшылардың атасы Геродот, тайға таңба басқандай қылышып өзінің еңбегінде бұлтартпайтында деректер келтіреді.

Ал, қара мал ертерек 10 мың жыл бұрын біздің елде қолға үйретілгендей. Қара малдың ең соңғы түяғы тур (тегі) 1669 жылы Кенисберг зоопаркінде көз жұмды.

Ата-бабаларымыз турдың мүйізінен ыдыс жасап қымыз ішкен көрінеді. Қорыта келе айтпағым, неолит заманында елімізде ең алғаш мал шаруашылығының негізі қаланып, шошқа, қой, қара мал, жылқы, ең сонында түйе шаруашылығы еркендей бастаған (Ю.А. Смирнов).

Сүтқоректілерге жататын денесі шомбал, қазанбас, құлық-сұмдықты білмейтін, момын, бейқам, қорқақтау қоңыр аю да тойымсыз аңшылардың кесірінен құрып бітті. 1896 жылы Ақмола облысындағы Сандықтауда, Бурабайда соңғы аюдың көзі жойылды. Бұлардың майын көбінесе әр түрлі ауруларға, әсіресе туберкулез, бел ауруына пайдаланған. Шығыс емшілері аю өтін ішек-қарын, бауыр ауруы, сары ауруга, дизентерияға, көз қарығуына, қатерлі іріңдер мен жараларды емдеуге, ревматизмге қарсы жиі қолданған. Оның үстіне өті ішек-қарынның жиырылу процесін түзетеді.

Жетісу бойынша 1884 жылы — 226, 1889 ж. — 191, 1892 ж. — 165, 1894 ж. — 203, 1895 ж. — 120, 1910 ж. — 36 қоңыр аю атылып, Орталық, Оңтүстік Қазақстанда XX ғасырдың басында-ақ құрып бітті деуге болады. (ЦГА, КССР.НСБ, обзоры Семиреченской области за 1884-1910 г.г.)

Қазақ халқының: “Көк құрак — көлдің сөүлеті, құс пен аң — елдің дәүлеті”, — деуі ақиқат. Кең-байтақ елімнің қай түкпірінде жүрсек те, өзірге олі кездесетін құстардың мың құбылта салған үндери естір құлаққа қандай әсерлі, жайлы, жагымды, жылы. Қауырсындарының түрлі түспен боялып, әрқайсысының тек өзіне ғана тән ерекшеліктерін коргенде, көңілің бір серпіліп қалады. Көл ішінде шүйіркелесе қүнкілдесіп, өзара бастарын бір-біріне иісіп, айналасына сән беріп маңғаздана жұзіп жүрген сұлу ақкулардың коркі қандай гажайып дүние. Ерке еліктің құлақтары қалқайып, саган таңдана таңырқай қарап түргандағы жаудыраған қарақаттай қара көздері қандай осем. Арқардың құлжасының шың басында асқақ та, тәқаппар ұзақ ойга шома тектілік танытып, өз елінде түрган тұрысы қандай гажап. Күмістей мөлдір суда шоршып ойнап жүрген балықтар жастық шағынды еске түсіріп, елтітеді. Алысты болжатады.

Осы көріністердің бәрі кім-кімнің де болмасын жан дүниесін ләzzатқа бөлеп тебірентеді. Өмір сұруғе ынталандырады.

Табигатты аялап, айналамыздағы сан түрлі осынау коркем құбылыштармен қойын-қолтық өмір кешіп, бір-бірімізді демей, қолдай, қорғай жүрсек, дүние түгел болып,

жер бетінде біздерден асқан бақытты жан болмас еді-ау, шіркін.

Мына жарық дүниеде қандай да кез келген жан-жануарларды алсаң, олардың әрқайсының тек озіне тән мінез-құлқы, өз деңгейінде ойлау қабілет-қасиеттері, құнқөрістеріне қарай бейімделген әдістері бар. Оған қоса бір-бірлеріне ұқсайтын ортақ туысқандық белгісі мен шыққан тегінің бір екендігі аңғарылады.

Фұлама Мұхтар Әуезовтің “Мәңгілік — ананың тар күрсағында”, — деуі осының айғағы ма деп қалдым. Осынау ойды зерделеп байқасам, ананың тар күрсағында екі ұрық жабысып қабысқан соң, алғаш өніп жан біте бастайды. Қысқа мерзім — 9 ай, 9 күнде адамзат миллиардтаған жылдарды басынан кешіп, бүкіл омыртқалылардың бәріне сай ортақ тарихи даму (филогенез) процесінен отіп, тұптамырымыздың уақытында бір болғандығын мензегендей. Содан да болар, оқымыстылар дүниедегі тіршілік осыдан 3,5 млрд. жыл бұрын археозой эрасында, теңіздің саяз жерінде пайда болғандығын айтады.

Өзіміз күнде жануарлардың етінен дайындалған дәмді тагамдарды тамсана жеп отырып, олардың көбін құстаналап, жыртқыш деп айып тағып, жазғырып жатамыз. Содан барып ақыл-парасатымыз басқа жануарлардың бәрінен жоғары тұрып, ойланbastan кінәні оларга арта салуға дайынбыз. Коз жұма, бәрінен асқан жыртқыштыққа салынып, осы біз неге жүрген ортамызды рәсуалаймыз?

Шынымен өзімізге-өзіміз қаскунембіз бе?

Мына кеңбайтақ жерімізді, айналамызды жылдан жылға жылан жалағандай қылып жұтатқанша, Чехия, Словакия, АҚШ, сияқты неге қыргауыл, кекілік, бөдене, құр, үйрек, қаз, даала дуадагын өзіміз қолдан өсірмейміз? Қындығы жоқ биотехникалық шаралар той. Ессесіне пайдасы, эстетикалық ләззаты шаш етектен.

Келешегінді бұлдырататын жайт, соңғы кездерде жалған аңшылардың қатарында құқық қорғау органдарының, орман шарушылығы департаментінің қызметкерлерін, тілті әр саладагы министрлерді, әкімдерді кездестіруге болады. Қазіргі заман жақсының, зиялдың сиреген шагы. Осыған орай айтпағым, жоғарыда отырган ағайындарымыздың

ниет пейілі түзелмей, қай салада болмасын алға басамыз деу күмән туғызады.

Тек қана Министрлер кабинетіне тікелей бағынышты болған бұрынғы жануарлар әлемін, қорықтарды қорғау басқармасы бұл күнде жіктеп-жіліктеліп көүндерсыздандып, инспекторлары немкеттіленіп, әркімнің мылтығын сүйреп, атқосшыларына айналып, жаутаңдал, өлместің күнін кешіп жүр. Осыдан кейін не айтуда болар екен.

... Шығыс майданынан аз уақыт үйіне демалуға келген Гитлердің бір досы ерігіп жүріп заңсыз елік атқаны үшін жарты жыл түрмеге қамалғанын ертеректе оқып таңғалғаным бар. Біздің елдегі үлкенді-кішілі басшылардың құлағына алтын сырға, бұл үлгі алар нәрсе.

Ауыздықсыз араны ашылып, тоңмойынданып кеткендерді тезге салып ізгілендіру үшін көкіргінің оты бар азаматтар керек-ақ. (*“Егемен Қазақстан” газеті, 28 қараша, 2007 жыл*).

ТЫҢ ТРАГЕДИЯСЫ

Жыртылған жайылымдар. Құлатылған құлпытастар. Аты езгерген ауыл. Мұның бәрі сол жылдардың салдары еді

Осы бір күдай қолдап егемен ел болғанда, ақпарат беттерінде өзіміздің кейбір ағайындарымыздың тың игеру заманын жер-көкке сыйғызбай мадақтап жазған мақалалары қиналтады. Дегенмен көргені мол, зиялы азаматтарымыз осы бүрмалаушылыққа тойтарыс берер, қарсы пікір жазар, сол бір қасіретті кезеңнің ақиқатын қопара ақтарар, шындықты білмей өскен кейінгі жастарымыздың көзін ашар деген ойда едім. Өкінішке қарай, уақыт өткен сайын ол ойым іске аспайтындей. Тіпті еті үйреніп кеткен бе, өзімізбен аралас-құралас жүрген бір журналист-жазушымыз: “Құдай-ау, білмеппіз ғой, тың игеру жылдарында халқымызға көптеген иғлікті дүниелер келген екен ғой”, — деп таңдай қаққанын естігенде, мынау не айтып түр деп таң-тамаша қалдым.

Патша заманында елімізге казак орыстарды тоғытып, олар құнарлы жерімізді тартып алып, өзімізді бодан қылды. Кеңес өкіметі одан әрі біздерге қысым көрсетіп, 30-шы жылдары халқымызды әдейі аштыққа ұрындырып қырып салғаны, қаңғыртып жібергені, көш бастар серкелеріміздің көзін жойғаны етірік пе? Ол аз қылғандай, 1944 жылдың қысында елімізге тұс-тұстан түрлі ұлттарды отар-отар кой айдағандай әкеліп тыққандарын неге ұмытуымыз керек? Оның үстіне 50-ші жылдардың басында тың игеру деген желеумен қазақ жеріне түрмеде отырғандарды уақытынан бұрын босатып әкеліп, оңай ақша тапқысы келгендерді сендей соғылыстырып, аз уақыттың ішінде 1,5 миллиондай адамды қазақ даласына қарай қаңбақша айдағаны, содан

барып 1959 жылы халқымыз өз қарашаңырагы — туган мекенінде соры қайнап 30 пайыздан аспай, аз халықтар санатында қалып, келе-келе тілінен, ділінен айрылып, есендірій мәңгүрттене бастаганы қалай тез естен шықпақ?

Адам болып жаратылған соң негізгі мақсат тек қарын тойдырғанда болмаса керек. Мал емеспіз, ұлтымыздың әр жерден тобесі бір көрініп селдіреп, қорлық пен мазакты қатар коре бастауы тың игеру кезінде анық байқалды. Сол 60-шы жылдардағы, “Целинный край” газетінде “Человек в ушанке” деп халқымызды қорлап, тіпті есекке де теңеп фельетон жазылғаны. Оны Ақмоладағы қонекөз қазақтар әлі ұмыта қоймаған шыгар. Тың көтереміз деп келгендердің күні-түні арақтан көз ашпай мас күйінде қандастарымызды тағы жануарларды қөргендей қуа жөнеліп, тепкінің астына алғаны ше? Ондай қорлыққа шыдай алмаған ағаларымыз жер-жерлерде қарсы шығып, бой қөрсеткендерін, мәселен Ақмола базарының ішінде үлкен ақсақалдарымыз шананың жетегін қару қылышын сілтей жапырғандығын қөзіміз қөрген.

Сол уақыттағы Тың олкелік партия комитетінің бірінші хатшысы Т.И.Соколовтың: “Қазақ халық емес, оларды немістермен будандастыру керек”, — деген сандырағын өзімізге айтқызу үшін қазақтың ішінен шыққан кейір босблебеу зиялсызмақтарымызды сарнатып, оны іс жүзіне де асыра бастағанын қалай естен шыгаруға болады? Олардың Қостанай облысындағы қарындастырыммыз Д.Жақсылықовага шошқа бақтырып, неміс жігітіне түрмисқа шыгарып, сол үшін Еңбек Ері атагын бергізуі соның айғагы. Бұл қарындастырыммыздың осындай қадамға баруын барша қазақ қыздарына үлгі етіп, апаларыңнан сендер де өнеге алышыдар дегендей ұран тастатып, қозқаман болып бара жатқан қазақ комсомол жетекшілеріне газет-журнал беттеріне мақалалар жазғызып шулатып, екілендіріп қойды.

Ертеде халқымыз айтпаушы ма еді: “Үл бала өсіріп отырып болашақ жер иесін тәрбиелейміз, қыз бала өсіре отырып болашақ ұлтымызды тәрбиелейміз”, — деп. Бұл ой Платоновтың сөзбенінде де бар. Сонда осынау сөзге зер салсақ Т.И.Соколов секілділердің арам пигылы бізге балта болып сілтентенгенін анғару қынга соқладайды.

Тың өнірінде соңғы кезге дейін лауазымы жогары қызметке шалақазақтардың тағайындалып, асығының алшысынан тұсуі осы бір саясатқа байланысты болғандығын үлт зилілары жақсы біледі. Оның үстінсे орталықтың иеше түрлі халықтарды, ұлыстарды елімізге тогытып, мидай араластырып жіберулерінің кесірінен басқа үлтпен некелесіп, тамырын солдырган, ұлтының мәдениетінен жүрдай, ділін, тілін білмейтін, тек тәлқұжатындаған қазақ деп жазылатындар пайда болды. Содан үлтимымыздың мәйегі — қыздарымыздың намысы оліп, көрінгеннің қолтығында оп-оңай кете беретіндей халге жетті.

Тіпті әлгі Т.И.Соколов Н.С.Хрушевпен ақылдаса отырып, Қазақстанның Солтүстік өңіріндегі бес облысымызды Ресей Федерациясының құрамына қоса жаздағандарын да естідік. Сол тұста бұрынғы Министрлер Кеңесінің Төрағасы Жұмабай Ахметұлы Тәшеновтің елі үшін, жері үшін үлкен қызметін тәрк етіп, азаматтық созін айтқаны намысы бар әр қазаққа ой салар, үлгі болар гажайып батылдық, үлкен жүректілік емес пе.

Жоғарыда аты аталғандардың бізге қолданған сол кездегі саясатын жыртқыш шортанның ұсақ балықтарға жасайтын әрекетіне теңеуге болады. Шортанның ине сияқты тістері оның апандай аузының түкпіріне қарай жығыла орналасқандықтан, аузына іліккен балықтың кері бүлқынып шығуна мүмкіндік бермейді. Өйткені, әлгі тістер оны артқа жібермей, өңешке қарай тартады да отырады. Сейтіп шортан аузына түскен балықты жатық тістер үстімен тек көмейге қарай сырғыта береді. Империялық пиғыл да міне, құдды сол сияқты.

Тың өлкелік партия комиететінің бірінші хатишылығы қызметінен босатар бюroда Т.И.Соколовтан: “Сен неге жергілікті үлт кадрларын көтермедің?” — деп сұрағанда ол: “Әр кадрды қабілеттіңе қарай жұмысқа көтереміз. Солардың ішінде Әуелбеков пен Есмағанбетованы жауапты жұмысқа жоғарылаттым”, — деуіне қараганда сасқан үйрек артымен сұңғидінің кері көрінеді. Қарамагындағы бес облыста әлгі екі азаматтан басқа қазақтардың бәрі қабілетсіз болғаны ма?

Декабристердің өкілі П.И.Пестель “Русская правда”

басылымында: “...барша халықтардың басын қурап, бір гана халық жасап, барлық елді мекендердің аты орысша қойылуы керек”, деп жазғанын тың итеру кезінде бастаң кешірдік. Ресей империясының осындағы қылыштарын әлемпің дамыған елдері көріп, кезінде одан теріс айналған. Францияның көрнекті әдебиетшісі Адольф Маркиз де Кюстин (1790-1857): “Әрдайым ақиқатқа қарсы жүргізілетін астыртын әрекет бұл елдің (Ресейдің) қоғамдық омірінің өзегіне айналған”, — деп ашық айтуы көп жайды аңгартқандай. Бұған кезінде В.А.Жуковский шабына шоқ түскендей шамданды емес пе? Шындығында, тың итеру басталғанда бұрыннан бар қазақ ауылдарын менсінбей, айдаладағы желдің отінде, көбіне қардың астында қалатын жерлерге жаппай кеңшар орталықтарын салып, оған Минский, Московский, Одесский, Шуйский, Сочинский, Армавирский, Киевский, Самарский... деп өздерінше атағаны нагыз қеудемсоқтық еді.

Орталықтың осындағы өктемдігінің салдарынан қазақтың ел, жер аттары жаппай жойыла бастады. Көбіне жүрекке жылы тиетін ауыл атаулары өзгеріп кетті. Мысалға, Қектал ауылы Киров селосы болып, Қостомар — Херсон, Нұралы — Павловкаға айналды. Новомарковский кеңшарында тоуелді болып қалған Бұжық, Кіші Майлан ауылдары, Краснояр кеңшарының Жаңа ауыл елді мекені, Ленинский кеңшарының Ортақшыл ауылы аз уақыттың ішінде ойрантопыры шығып жермен-жексен болды. Астрахан ауданының Баянды, Талап, Мереке, тағы басқа ауылдары да осының кебін киді. Бұндай кепті солтүстік облыстардагы барлық қазақ ауылдары да корді деуге болады.

Өзен-көл жағасының ығында, қар көп түспейтін малжанга ыңғайлы мүйістерінде ориаласқан қаншама қазақ ауылдарында қазақ мектептері жабылды. Сойтіп, оларға әрі жол салынбай, келешегі жоқ ауылдар деген айдар тағылып, оз жерімізде отырсақ та ешкімге қажет болмай тоз-тозымыздың шыққаны ақиқат. Мысалға, тіпті Астрахан ауданының Қосқөл, Шілікті, Қаратүбек ауылдарындағы қазақ орта мектептері жергілікті халықтың отініші бойынша деген жалған желеумен орыс орта мектебіне айналып кете барды. Жасөспірімдер “Бала өз ана тілінде тәрбиленбесе

өз халқына қызмет ете алмайды”, — деп ескерткен Ж.Аймауытовтың қағидасын қайдан білсін. Олар түгілі ата-аналары бұл ойдан мақұрым болғандықтан кеңшар орталығындағы орыс орта мектептерінің интернатында жатып оқып, ұлттық салты мен дәстүрінен мүлде басқаша тәрбиелене бастады. Ол ол ма үлкендеріміздің өзі жыл оза келе арак-шарапқа еттері үйреніп, жұз грамм корсе шелекке үмтүлған бұзаулардай тұра үмтүлдып, қымыз, айран, қатық, құрт, ірімшіктің не екенін үмттты. Сойтіп ұлттық тағамдарынан, салауатты салтынан айырылып, жасына жетпей мыж-мыжы шығып, қартайып кетті.

Жоғарыда айтылған қасіретті халқымыз басынан откеріп жатқанда тіпті бертін жылымық орнап ес жия бастаган кездің өзінде, 1990 жылдың басында кезекті бір өтіп жатқап облыстық кеңестің сессиясында сол кездегі облатком төрағасы өзіміздің қандасымыз сол қызметте қазақ халқының атымен отыргандығын тарс үмттып, көптеген ауыл атауларын озінің байыргы ана тілінде сөйлестуге қарсы болып: “Мы так не можем”, — деп бекіттірмей таstadtы. “Жер ана тілінде сөйлемейінше ел сөйлемейді”, — деген қағиданы елегісі де, білгісі де келмеді. Халқының ойарманынан мансабын артық көрген осындаи көзқамандардың кесірінен қазір де еліміз әлі жөндеп есін жия алмай жүр.

Келімсектердің ішіндегі шовинист шенеуніктердің қысастығының өзі мың батпан жүк. Олар біздің өңірдегі қазақ азаматтарының ішінде ұлтының қамын ойлаپ, жоғын жоқтаған Фарифолла Амансұғіров, Хамида Тұрысбеков сияқты ағайындарымыздың басына әңгір-таяқ ойнатып жұмыстан қыып, ұлтшыл деген ат тақты. Еш жерде тәуір қызметке орналаса алмайтындаи дәрежеге жеткізді.

Ерейментау аупарткомның екінші хатшысы болған ел азаматы Хамида Тұрысбеков: “Екі сөздеріңің бірінде орыс халқының арқасында..., орыс елінің қамқорлығымен... дейсіздер... Оларының не? Солай деп мына біздер, қазақтар айтсақ, бір сәрі, өздеріңізді өздеріңіз мадактап дәріптеулеріңіз кішіпейілдікке жатпайды ғой. Ленин айтқан сыпайылық қайда? Осы Ерейментау ауданы қазақ халқының молырақ шоғырланған жері. Неге үш аудан